

**2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 01 наурыздағы № 65 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 04 сәуірде № 5443 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2016 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 2016 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

2. "Сырдария аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ү.Жұмабаева) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Әжікеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Қазантаев

Сырдария ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 01 наурыздағы  
№ 65 қаулысына 1-қосымша

**2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№ Аудан атауы Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны

1 Сырдария ауданы 605

Сырдария ауданы әкімдігінің

## 2016 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 15.11.2016 № 358 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

| № | Аудан атауы     | Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығын (теңге) |               |
|---|-----------------|---------------------------------------------------|---------------|
| 1 | Сырдария ауданы | Балабақша (мемлекеттік/жеке меншік)               | Шағын орталық |
|   |                 | 24240                                             | 18371         |

Сырдария ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 01 наурыздағы  
№ 65 қаулысына 3- қосымша

## 2016 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

|                                                                                      |                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мемлекеттік мектепке дейінгі № ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері | Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері |
| Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес                                 | Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес                                                                                        |